

"Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге (ҚАЗСТАТ: Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 801 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге (ҚАЗСТАТ: Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) қол қою туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге (ҚАЗСТАТ: Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) қол қою туралы

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімнің (ҚАЗСТАТ: Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) жобасы мақұлданысын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге (ҚАЗСТАТ: Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

№

Ж а р л ы ғ ы м е н

МАҚҰЛДАНҒАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

мен

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ

арасындағы ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

(ҚАЗСТАТ: Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба)

201_ жылғы _____ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ (Қарыз алушы) мен ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ (Банк) арасындағы Келісім. Осымен Қарыз алушы және Банк мыналар туралы уағдаласады:

I БАП — ЖАЛПЫ ШАРТТАР; АНЫҚТАМАЛАР

1.01. Жалпы шарттар (осы Келісімге Толықтыруда айқындалған) осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

1.02. Егер түпмәтінінен өзгеше туындамаса, Келісімде пайдаланылатын бас әріптен басталатын терминдер Жалпы шарттарда немесе осы Келісімге Толықтыруда олармен бекітілген мағыналарына ие болады.

II БАП — ҚАРЫЗ

2.01. Банк Қарыз алушыға осы Келісімге 1-қосымшада сипатталған жобаны (Жоба) қаржыландыруды қолдау үшін осы Келісімде жазылған немесе көрсетілген мерзімде және шарттарда жиырма миллион (\$20,000,000) АҚШ доллары сомасын (Қарыз) береді.

2.02. Қарыз алушы Қарыз қаражатын осы Келісімге 2-қосымшаның IV бөліміне сәйкес алуға құқылы.

2.03. Қарыз алушы Банкке Қарыз қаражатын резервте ұстағаны үшін Қарыз сомасының төрттен бір пайызына (0,25%) тең комиссия төлейді.

2.04. Қарыз алушы әрбір пайыздық кезең ішінде Қарыз Валютасы үшін референттік ставкаға оған пайызды есептеудің әр кезеңіне құбылмалы спрэдті қосқанға тең ставка бойынша сыйақы төлейді; Қарыздың негізгі сомасының барлық немесе кез келген бөлігін Конверсиялау кезінде Қарыз алушы осындай сомаға Конверсиялау кезеңі уақытында төлеуге тиісті сыйақы Жалпы шарттардың IV бабының шарттарына сәйкес анықталуы тиіс. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, егер алынған Қарыз қаражатының сомасы бөліктерінің кез келгені уақтылы төленбей қалған және отыз күннің ішінде төленбеген жағдайда, Қарыз алушы төлеуге жататын сыйақы мөлшері Жалпы ережелердің 3.02 (d) бөлімінің ережелеріне сәйкес есептелуі тиіс.

2.05. Төлем күндері – әр жылдың 15 сәуірі және 15 қазаны.

2.06. Қарыз алушы Қарыздың негізгі сомасын осы Келісімге 3-қосымшада көрсетілген өтеу кестесіне сәйкес төлейді.

2.07. (a) Қарыз алушы кез келген уақытта борышты ұтымды басқаруды қамтамасыз ету үшін Қарыз шартының кез келген мынадай Конверсияларын сұрата алады: (i) Мақұлданған Валютаға алынған да, алынбаған да Қарыз Валютасының барлық немесе Қарыздың негізгі сомасының кез келген бөлігін өзгерту; (ii) Қалқымалы пайыздық ставкадан Тіркелген пайыздық ставкаға және керісінше немесе қалқымалы спрэдке негізделген Қалқымалы пайыздық ставкадан тіркелген спрэдке негізделген Қалқымалы пайыздық ставкаға Қарыздың алынған және өтелмеген негізгі сомасының барлық немесе кез келген бөлігіне қолданылатын пайыздық ставканың базисін өзгерту, және (iii) Пайыздық Ставканың Жоғарғы Шегін немесе Қалқымалы ставка Пайыздық ставкасының Жоғарғы және Төменгі шектерін белгілеу арқылы Қарыздың алынған және өтелмеген негізгі сомасының барлық немесе кез келген бөлігіне қолданылатын Қалқымалы пайыздық ставка шектерін анықтау.

(b) Осы тармақтың (a) тармақшасына сәйкес сұратылған Банк қабылдаған кез келген өзгеріс Жалпы шарттарда айқындалғандай, «Конверсия» болып саналады және Жалпы шарттардың IV бабының және Конверсия жөніндегі нұсқаудың ережелеріне сәйкес күшіне енеді.

III БАП — ЖОБА

3.01. Қарыз алушы Жоба мақсаттарын өзінің жақтайтыны туралы мәлімдейді және осы мақсатта Жобаны Жалпы шарттардың V бабының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі арқылы жүзеге асырады.

3.02. Осы Келісімнің 3.01-тармағы ережелері үшін шектелмей және егер Қарыз алушы мен Банк арасында өзгеше келісілмесе, Қарыз алушы осы Келісімге 2-қосымшаның ережелеріне сәйкес Жобаны іске асыруды қамтамасыз етеді.

IV БАП — ҚАРЫЗДЫҢ КҮШНЕ ЕНУІ; БҰЗЫЛУЫ

4.01. Күшіне енудің қосымша шарттары мынада:

(a) ЖІТ-ны Қарыз алушы ҚРСА арқылы құрған, оның құрамы, ресурстары мен техникалық тапсырмалары Банк үшін қолайлы болып табылады.

(b) ҮЖН-ны Қарыз алушы құрған, оның құрамы, ресурстары мен техникалық тапсырмалары Банк үшін қолайлы болып табылады.

(c) Қарыз алушы Банк үшін қанағаттанарлық Жобаны іске асыру жөніндегі н ұ с қ а у д ы қ а б ы л д а д ы .

4.02. Күшіне енудің соңғы мерзімі осы Келісімнің күнінен кейін 180 (бір жүз сексен) күн өткен соң басталатын күн болып табылады.

V БАП — ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ӨКІЛІ; МЕКЕНЖАЙЫ

5.01. Қаржы министрі Қарыз алушының өкілі болып табылады.

5.02. Қарыз алушының мекенжайы:

Қаржы министрлігі

Жеңіс даңғылы, 11

Астана, 010000

Қазақстан Республикасы

Телекс: Факс:

265126 (FILIN) 7-7172-717785

5.03. Банктің мекенжайы:

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі

1818 Н Street, N.W.

Washington, D.C. 20433

United States of America

Телеграф: Телекс: Факс:

INTBAFRAD 248423(MCI) 1-202-477-6391

Washington, D.C. 64145(MCI)

_____, _____ жоғарыда көрсетілген күні мен жылы КЕЛІСІЛДІ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

Уәкілетті өкіл

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА

ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ ҮШІН

Уәкілетті өкіл

1-ҚОСЫМША

Жобаның сипаттамасы

Халықаралық әдістемелер мен үздік тәжірибеге сәйкес қажетті, уақтылы және нақты деректермен қамтамасыз ету мақсатында ұлттық статистика жүйесінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру Жобаның мақсаты болып табылады.

Жоба мынадай құрауыштардан тұрады:

1-құрауыш: Статистика жүйесінің институционалдық ортасын және операциялық қамтамасыз етілуін жетілдіру

Мынадай мақсаттар үшін тауарларды беру, консультациялық қызметтер көрсету, оқыту бағдарламаларын ұсыну: (а) статистикалық деректерді шығарумен айналысатын үкіметтік мекемелер арасында өзара іс-қимылды үйлестіретін заңнамалық базаны жақсарту; (b) ҚРСА институционалдық құрылымын ұтымды ету; (c) стратегиялық жоспарлау рәсімдерін және әдіснамасын жақсарту; (d) персоналға жүктемені есепке алу

жүйесін әзірлеу және енгізу; (е) сапаны басқару бағдарламасын енгізу; (f) жиһаздың және жабдықтың жай-күйін жақсарту.

2-құрауыш: Ақпараттық-коммуникациялық жүйені және физикалық инфрақұрылымды жақсарту

Мынадай мақсаттар үшін тауарларды беру, консультациялық қызметтер көрсету, оқыту бағдарламаларын ұсыну: (a) деректерді өңдеудің интеграцияланған жүйесін жақсарту; (b) АКТ департаменті персоналының біліктілігін арттыру; (c) деректерді өңдеу процесін жылдамдату мақсатында ҚРСА компьютерлік жабдығын және бағдарламалық қамтымын жаңарту; және (d) ҚРСА қолданыстағы коммуникациялар желісін жақсарту.

3-құрауыш: Кадр әлеуетін дамыту

Мынадай мақсаттар үшін тауарларды беру, консультациялық қызметтер көрсету, оқыту бағдарламаларын ұсыну: (a) басқарудың, мансапты дамытудың және ҚРСА-да лауазымға тағайындау тәжірибесінің жаңа әдістерін енгізу; (b) ҚРСА оқыту стратегиясын әзірлеу және енгізу; (c) ҚРСА өзінің қызметкерлерін шет елдерде оқыту және халықаралық семинарларға қатысу бағдарламасын әзірлеу және енгізу; және (d) ҚРСА-да қолданыстағы жалдау рәсімдерін және саясатын қайта қарау.

4-құрауыш: Статистикалық инфрақұрылымды, стандарттарды және әдіснамаларды жақсарту

Мынадай мақсаттар үшін тауарларды беру, консультациялық қызметтер көрсету, оқыту бағдарламаларын ұсыну: (a) Бизнес тіркелімді өзекті ету; (b) халық тіркелімін жақсарту; (c) тұрғын үй қоры объектілерінің тіркелімдерін жетілдіру; (d) ауылшаруашылық тіркелімін жақсарту; (e) жіктеуіштер мен стандарттарды жетілдіру; (f) статистикалық құралдарды дамыту; (g) зерттеулер үшін іріктеуді қалыптастыру әдістерін жетілдіру; (h) уақытша қатарларды қалыптастыру және маусымдық тегістеу әдістерін енгізу; және (i) ҚРСА талдамалы функцияларын күшейту.

5-құрауыш: Пайдаланушылармен және респонденттермен қарым-қатынастарды жетілдіру

Мынадай мақсаттар үшін тауарларды беру, консультациялық қызметтер көрсету, оқыту бағдарламаларын ұсыну: (a) пайдаланушылармен өзара қарым-қатынастар саясатын жетілдіру; (b) статистикалық ақпаратты таратуды және оның мониторингін жетілдіру; (c) респонденттермен жұмыс жасау аясатын жақсарту; және (d) ҚРСА веб-порталын жақсарту;

6-құрауыш: Статистиканың нақты салаларында әдіснаманы және іс-тәжірибені жетілдіру

Мынадай мақсаттар үшін тауарларды беру, консультациялық қызметтер көрсету, оқыту бағдарламаларын ұсыну: (a) макроэкономикалық статистиканы жетілдіру; (b) өнеркәсіп, энергетика, құрылыс, инвестициялар, сыртқы және ішкі сауда-саттық статистикасын және көрсетілетін қызметтер статистикасын қоса алғанда

макрэоэкономикалық статистиканы жетілдіру; (с) ауылшаруашылық статистикасын жетілдіру; (d) әлеуметтік статистиканы жетілдіру; (е) еңбек статистикасын жетілдіру; және (f) қоршаған орта статистикасын жетілдіру;

7 - құрауыш : Жобаны басқару

Жобаны басқару, іске асыру, мониторингі және бағалау бойынша ҚРСА-ның тауарларын, консультациялық қызметтерін, оқыту бағдарламаларын және операциялық шығыстарын ұсыну.

2-ҚОСЫМША

Жобаны іске асыру

I бөлім. Іске асыру тетіктері

A. Ұйымдастырушылық тетіктер

Қарыз алушы мынадай ұйымдастыру және басқа да шараларға сәйкес Жобаны іске асырады :

1. ҮЖТ Жобаны іске асыру жөніндегі нұсқауда көрсетілген талаптарға, критерийлерге, ұйымдастыру тетіктеріне және операциялық рәсімдерге сәйкес Жобаны қадағалауға, ведомствоаралық үйлестіру және стратегиялық басқаруға жалпы жауаптылықта болады.

2. Қарыз алушы Жобаны іске асыру жөніндегі нұсқауда көрсетілген талаптарға, критерийлерге, ұйымдастыру тетіктеріне және операциялық рәсімдерге сәйкес ҚРСА арқылы және ЖІК-ның қолдауымен Жобаны іске асырады және Банктің алдын ала мақұлдауынсыз Жобаны іске асыру жөніндегі нұсқаудың қандай да бір ережелерін бермеуі, өзгерістер енгізбеуі, жоюы немесе олардан бас тартпауы тиіс. ЖІК Жоба шеңберінде есептілік, сатып алу және қаржылық басқаруға жауапкершілікті қоса алғанда Жобаның іс-шараларын күнделікті үйлестіреді.

3. Жобаның бүкіл іске асырылуы кезеңінде Қарыз алушы ҚРСА, ЖІТ және ҮЖТ-ні Банк үшін қанағаттанарлық құраммен, ресурстармен және Техникалық тапсырмалармен қамтамасыз етеді.

4. Қарыз алушы Жобаны іске асырудың әрбір жылының 20 желтоқсанынан кешіктірмей және 2011 жылғы 20 желтоқсаннан бастап Банкке құрауыштар мен кіші құрауыштар жөніндегі жобалау іс-шараларын анықтайтын келесі жылға арналған Жобаны іске асырудың жылдық жоспарын, сондай-ақ онымен байланысты шығыстар мен қаржылық ресурстарды ұсынады және Банкпен келесі жылға жоспарланатын Жоба жөніндегі іс-шараларды және тиісті бюджетті келіседі.

5. Қарыз алушы 2011 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей Банк үшін қолайлы Техникалық тапсырманың негізінде тәуелсіз аудиторды іріктейді және жалдайды.

B. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар

Қарыз алушы Жобаны Банктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаудың ережелеріне сәйкес іске асыруды қамтамасыз етеді.

II бөлім. Мониторинг бойынша есептілік және Жобаны бағалау

A. Жоба бойынша есептер

1. Қарыз алушы мониторингті жүзеге асырады және Жобаның іске асырылу барысын бағалайды және Жалпы шарттардың 5.08-бөлімінің ережелеріне сәйкес және Банкпен келісілген индикаторлар негізінде Жоба бойынша Есептерді дайындайды. Жоба бойынша әрбір Есеп бір күнтізбелік жарты жылдық кезеңін қамтуға және Банкке аталған есепті қамтитын кезең аяқталғаннан кейін қырық бес (45) күннен кешіктірмей тапсырылуға тиіс.

2. Жалпы шарттардың 5.08-бөліміне (с) сәйкес осы бөліммен қарастырылған Жобаны іске асыру туралы есеп және тиісті жоспар Жобаның жабылу күнінен кейін 6 (алты) айдан кешіктірілмей Банкке жіберілетін болады.

3. Жоба күшіне енген күннен бастап 30 айдан кешіктірмей Қарыз алушы Банкпен бірлесіп орта мерзімді шолу жүргізеді, ол өзгелерден басқа Жобаны іске асырудың жалпы табыстылығын бағалайды.

4. Қарыз алушы Орта мерзімді шолуға дейін кемінде 6 (алты) апта бұрын Банкке Жобаның әрбір құрауышының іске асырылу барысын сипаттай отырып, жеке есепті және Жобаның жалпы іске асырылуы туралы жиынтық есеп береді.

B. Қаржылық басқару, қаржылық есептілік және аудит

1. Қарыз алушы Жалпы шарттардың 5.09-бөлімінің ережелеріне сәйкес қаржылық басқару жүйесін жүргізуге немесе жүргізілуін қадағалауға міндетті.

2. Осы бөлімнің А бөлігінің ережелеріне шектеусіз Қарыз алушы әрбір күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін қырық бес (45) күннен кешіктірмей Банк үшін қолайлы нысанда және мазмұнда тоқсан үшін Жоба бойынша аудиттелмеген аралық қаржылық есептерді дайындайды және Банкке ұсынады.

3. Қарыз алушы өзінің Жалпы шарттардың 5.09 (b) бөлімінің ережелеріне сәйкес Қаржылық есептіліктің аудитін жүргізеді. Қаржылық есептіліктің әрбір аудиті Қарыз алушының 1 (бір) қаржы жылындағы кезеңін қамтуға тиіс. Әрбір осындай кезең үшін аудиторлық тексеруден өткен қаржылық есептілік әрбір осындай кезең аяқталғаннан кейін 6 (алты) айдан кешіктірілмей Банкке ұсынылады.

4. Жобаны іске асыру басталғанға дейін Қарыз алушы бас бухгалтерге көмек көрсету және Жобаны қаржылық басқаруға жауаптылықта болу үшін біліктілігі және Банк үшін қолайлы техникалық тапсырмасы бар қаржылық басқару жөніндегі консультантты іріктейді және жалдайды.

III бөлім. Сатып алу

A. Жалпы ережелер

1. **Тауарлар.** Жоба үшін қажетті және Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарлар Сатып алу жөніндегі нұсқаудың I бөлімінде қамтылған немесе оларға

сілтемелер бар талаптарға сәйкес, сондай-ақ осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес
с а т ы п а л ы н а д ы .

2. **Консультанттардың қызметтері.** Жоба үшін қажетті және Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын консультанттардың барлық қызметтері Дүниежүзілік банк қарыз алушыларының консультанттарды іріктеуі және жалдауы жөніндегі Нұсқаудың (Консультанттар жөніндегі Нұсқау) I және IV Бөлімінде қамтылған немесе оларға сілтемелер бар талаптарға сәйкес, сондай-ақ осы Бөлімнің ережелеріне сәйкес сатып а л ы н а д ы .

3. **Анықтамалар.** Сатып алудың белгілі бір әдістерін немесе Банктің белгілі бір келісімшарттарды қарау әдістерін сипаттау үшін осы Бөлімде төменде пайдаланылған бас әріптерден басталатын терминдер нақты жағдайға қарай Сатып алу жөніндегі нұсқауда немесе Консультанттар жөніндегі нұсқауда оларға берілген анықтамаларға сәйкес келеді.

В. Тауарлар сатып алудың ерекше әдістері

1. **Халықаралық конкурстық сауда-саттық.** Егер төмендегі 2-тармақта өзгеше көзделмесе, тауарларды сатып алу Халықаралық конкурстық сауда-саттық рәсімдеріне сәйкес жасалған келісімшарттар бойынша жүзеге асырылады.

2. **Тауарларды сатып алудың басқа да әдістері.** Төмендегі кестеде Халықаралық конкурстық сауда-саттықтан басқа тауарларға қатысты қолданылуы мүмкін сатып алу әдістері берілген. Сатып алу жоспарында қандай да бір әдіс пайдаланылуы мүмкін мән-жайлар қамтылуға тиіс.

<u>Сатып алу әдісі</u>
(a) Осы 2-қосымшаға Қосымшаның ережелері сақталған кезде ұлттық конкурстық сауда-саттық
(b) Еркін саудадағы сатып алу (Шопинг)
(c) Келісімшарттарды тікелей жасасу

С. Консультанттардың қызметтерін сатып алудың ерекше әдістері

1. **Сапа және құн негізінде іріктеу.** Егер төмендегі 2-тармақта өзгеше көзделмесе, консультациялық қызметтерді сатып алу Сапа және құн негізінде іріктеу рәсіміне сәйкес берілген келісімшарттар шеңберінде жүзеге асырылады.

2. **Консультанттар қызметін сатып алудың басқа да әдістері.** Төмендегі кестеде Сапа және құн негізінде іріктеуден басқа консультанттардың қызметтерін сатып алу кезінде пайдаланылуы мүмкін сатып алудың әдістері берілген. Сатып алу жоспарында қандай да бір әдіс пайдаланылуы мүмкін болатын мән-жайлар қамтылуға тиіс.

<u>Сатып алу әдісі</u>
(a) Сапа негізінде іріктеу
(b) Неғұрлым төмен құн кезінде іріктеу
(c) Тіркелген бюджет кезінде іріктеу
(d) Консультанттардың біліктілігі негізінде іріктеу

(e) Бір көзден сатып алу

(f) Жеке консультанттарды іріктеу үшін Консультанттар жөніндегі нұсқаудың 5.2, 5.3 және 5.4-параграфтарында белгіленген рәсімдер

D. Банктің сатып алу жөніндегі шешімдерді қарауы

Сатып алу жоспарында Банктің алдын ала қарауына жататын келісімшарттар тізбесі көрсетіледі. Барлық басқа келісімшарттар Банктің Кейіннен қарау мәні болып табылады.

IV бөлім. Қарыз қаражатын шоттан алу

A. Жалпы ережелер

1. Қарыз алушы Қарыз қаражатын Жалпы шарттардың II бабының, осы Бөлімнің және Қарыз алушыға хабарламада Банк көрсететін қосымша нұсқаулардың ережелеріне сәйкес белгіленген (осындай нұсқауларға сәйкес Банк кезең-кезеңімен қайта қарап отыратын және осы Келісімде қолданылатын 2006 жылғы мамырда күні қойылған «Дүниежүзілік банктің жобалардың қаражатын игеру жөніндегі нұсқауын» қоса алғанда) төмендегі 2-тармақтың кестесіне сәйкес Заңды шығыстарды қаржыландыру үшін ала а л а д ы .

2. Төмендегі кестеде Қарыз қаражатынан қаржыландырылуы мүмкін болатын Заңды шығыстар санаты («Санат»), әрбір Санат бойынша Қарыздың бөлінген сомасы және әрбір Санат бойынша Заңды шығыстар ретінде қаржыландыруға жататын шығыстардың пайыздық үлесі айқындалған.

Санат	Қарыздың бөлінген сомасы (долларлық баламада)	Қаржыландыруға жататын шығыстар үлесі (салықтарды қоса алғанда)
(1) Тауарлар, консультанттардың қызметтері, операциялық шығыстар және Жоба бойынша оқыту	20,000,000	100%
Жалпы сомасы	\$20,000,000	

К е с т е г е т ү с і н і к т е м е :

(a) «Операциялық шығыстар» деген термин ҚРСА Жобаны іске асыру бойынша байланысқа, аудармаларға, кеңсе тауарларына, хабарландыруға, ксерокөшірге, почтаға және жол жүруге жұмсалатын негізді шығындарын білдіреді. Шығыстардың осы түрі Банк мақұлдаған жылдық жоспарға және Банк үшін қолайлы ҚРСА әкімшілік рәсімдеріне сәйкес Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын болады. Операциялық шығыстар Қарыз алушының мемлекеттік қызметкерлерінің жалақысын қамтымайды.

(b) «Оқыту» таныстыру мақсатындағы жол жүрулерді, оқыту курстарын, семинарларды және оқу материалдарына, үй-жайларды жалдау мен жабдықтарға, ел ішіндегі жол жүруге, білім алушылардың тәулікақылары мен оқытушылардың қызмет ақыларын, сондай-ақ ауызша және жазбаша аударма қызметтеріне төлеуге жұмсалатын шығындарды қоса алғанда, тауарлар мен қызметтерді сатып алуға арналған

келісімшарттар тізіміне енгізілмеген басқа да оқу іс-шараларын қоса алғанда ҚРСА даярлаған және Банк мақұлдаған жылдық оқыту жоспарына сәйкес өткізілетін Жобаға қатысы бар тренингтер мен семинарларды білдіреді.

В. Алу шарттары; алу кезеңі

1. Осы Бөлімнің А бөлігінің ережелеріне қарамастан, қаражат мынадай жағдайларда :

(а) Банкке Қарыз қаражатын резервте ұстағаны үшін комиссия толық көлемде төленгенінше Қарыз шотынан; не

(б) осы Келісімнің күніне дейін жасалған төлемдер бойынша алынбауға тиіс.

2. Жабылу күні – 2017 жылғы 30 сәуір.

2-ҚОСЫМШАҒА

Толықтырылған қосымша

Қарыз алушының конкурстық сауда-саттығының ұлттық рәсімдері мынадай шарттар орындалған кезде Жобаның шеңберінде Жоба шеңберінде тауарларды сатып алу үшін пайдаланылуы мүмкін:

1. Конкурс қатысушыларына рұқсат беру ХҚДБ қарыздары және ХДҚ кредиттері бойынша сатып алу жөніндегі нұсқаудың I бөліміне сәйкес анықталады. Осыған байланысты бірде бір қатысушыға ХҚДБ қарыздары және ХДҚ кредиттері бойынша сатып алу жөніндегі нұсқаудың I бөлімінде көрсетілмеген шарттардың негізінде Қауымдастық қаржыландыратын келісімшарттарға арналған конкурсқа қатысуға бас тартылмайды.

2. Сатып алушы ұйымдар Банк үшін қолайлы стандартты конкурстық құжаттаманы пайдалануға тиіс.

3. Ерекше жағдайларда Конкурстық өтінімнің қолданылуын ұзарту олардың қолданылу мерзімі аяқталған күнге дейін және ұсыныстарды бағалауды аяқтау және келісімшарт жасасу үшін қажет аз мерзімге барлық конкурсқа қатысушылардан жазбаша нысанда сұралады.

4. Мемлекеттік белгісі бойынша преференция қолданылмайды.

5. Егер мемлекеттің басым қатысуы бар ұйымдар қаржылық және заңдылық жағынан тәуелсіз және коммерциялық құқық шеңберінде әрекет ететіні дәлелденбесе ғана, олар Үкімет өткізетін тендерлерге қатыспайды.

6. Біліктіліктен кейінгі критерийлер тек қана өткен келісімшарттар тиімділігіне, конкурсқа қатысушылардың қаржылық және техникалық әлеуетіне қатысты қолданылады.

7. Бірлескен кәсіпорындардың әріптестері бірлесіп және жеке жауаптылықта болады.

8. Конкурстық өтінімдер өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен кейін дереу жария

түрде ашылады. Өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін алынғандардан басқа, бірде бір өтінім ашу сатысында жойылмайды.

9. Тендерлік өтінім есептік құннан асып түсуі негізінде ғана қабылданбауы мүмкін емес.

10. Өтінімдерді бағалау кезінде біліктілік критерий «өтті/өтпеді» қағидаты бойынша пайдаланылады.

11. Келісімшарттар ең төменгі бағалау құнын ұсынған білікті қатысушыларға беріледі және баға бойынша келіссөздер жүргізілмейді.

3-ҚОСЫМША

Өтеу кестесі

1. Келесі кестеде Негізгі борышты өтеу күндері және Негізгі борышты өтеудің әрбір күніне өтелуге тиіс Қарыздың жалпы сомасының пайызға шаққандағы үлесі («Өтеу үлесі») көрсетілген. Егер Қарыз қаражаты Негізгі борышты өтеудің бірінші күнінде толығымен алынатын болса, онда Қарыз алушы Негізгі борышты өтеудің әрбір осындай күніне өтеуге тиіс Қарыздың негізгі сомасын Банк: (а) Негізгі борышты өтеудің бірінші күні алынған Қарыз сомасын және (б) Негізгі борышты өтеудің әрбір күніне төлемнің Өтеу үлесін көбейту жолымен айқындайды. Төлеуге тиіс аталған сома осы Қосымшаның 4-тармағында көзделген және Валютаның конверсиясы қолданылатын соманы шегеру мақсатында қажеттілігіне қарай түзетілетін болады.

Негізгі борыш бойынша төлем күні	Өтеу үлесі (пайыздық шамада)
2016 жылғы 15 сәуірден бастап, 2025 жылғы 15 қазан аралығындағы әр жылғы 15 сәуір және 15 қазан	5.0%

2. Егер Қарыз қаражаты Негізгі борышты өтеудің бірінші күнінде толығымен алынбаса, онда Негізгі борышты өтеудің әрбір осындай күніне Қарыз алушы өтеуге тиіс Қарыздың негізгі сомасы мынадай түрде айқындалатын болады:

(а) Негізгі борышты өтеудің бірінші күні алынған Қарыздың кез келген қаражаты шамасында Қарыз алушы осы Қосымшаның 1-тармағына сәйкес осындай күнге алынған Қарыз сомасын өтеуге тиіс.

(б) Негізгі борышты өтеудің бірінші күнінен кейін алынған кез келген сома осындай алу күнінен кейін Негізгі борышты өтеудің бірінші күніне Банк әрбір осындай алу сомасын алымы осы Негізгі борышты өтеудің осы күні үшін осы Қосымшаның 1-тармағының кестесінде көрсетілген Өтеу үлесінің бастапқы сомасы («Төлемді өтеу үлесінің бастапқы сомасы») болып табылатын, ал бөлімі Негізгі борышты өтеу күніне осындай күнге немесе одан кейінгі Төлемді өтеу үлестерінің қалған барлық Бастапқы сомалары болып табылатын бөлшекке көбейту жолымен айқындалатын сомада өтелуге тиіс. Төлеуге тиіс аталған сома осы Қосымшаның 4-тармағында көзделген және оларға

Валюта конверсиясы қолданылатын соманы шегеру мақсатында қажеттілігіне қарай түзетілетін болады.

3. (а) Негізгі борышты өтеудің кез келген күніне төленуге тиіс негізгі борыш сомаларын есептеу мақсатында ғана Негізгі борышты өтеудің кез келген күніне дейін күнтізбелік екі ай ішінде алынған Қарыз сомалары алынған күннен кейін Негізгі борышты өтеудің екінші күнінде алынған және өтелмеген болып есептеледі және алынған күннен кейін Негізгі борышты өтеудің екінші күнінен бастап Негізгі борышты өтеудің әрбір Күніне өтеуге жататын болады.

(б) Осы тармақтың (а) тармақшасының ережесіне қарамастан, егер кез келген уақытта Банк төлем мерзімдері бойынша шоттарды шығару жүйесін қабылдаса, бұл ретте шоттар Негізгі борышты өтеудің тиісті күніне немесе одан кейін беріледі, шоттарды шығарудың осындай жүйесі қабылданғаннан кейін жасалған қандай да алуға осы тармақшаның ережесі қолданылмайтын болады.

4. Қарыздың барлық немесе кез келген бөлігінің валютасын Мақұлданған валютаға конверсиялау кезінде осы Қосымшаның 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, Конверсиялау кезеңі ішінде басталатын негізгі борышты өтеудің кез келген Күніне өтеуге жататын осындай түрде Мақұлданған валютаға осылайша айырбасталатын соманы: (i) Конверсияға жататын Валюталық Хедждік мәмілелер шеңберінде Банк төлеуге тиіс Мақұлданған валютада негізгі борыш сомасын көрсететін айырбас бағамына; немесе (ii) егер Банк Конверсиялау жөніндегі нұсқауға сәйкес осындай шешім қабылдаса, Экрандық ставканың валюталық құрауышына айырбастау алдында тікелей оның деноминациясының валютасында осындай соманы көбейту жолымен Банк анықтауға тиіс.

5. Егер Қарыз бір Қарыз валютасынан көбірек номинацияланған жағдайда, осы кестенің ережелері Қарыз валюталарының әрқайсысында сомаларға жеке, сондай-ақ сомалардың әрқайсысының жекелеген өтеу кестелерін есептеу үшін қолданылады.

АНЫҚТАМАЛАР

I бөлім. Айқындамалар

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқау» 2006 жылғы 15 қазандағы «ХҚДБ қарыздары және ХДҚ кредиттері мен гранттары қаражатынан қаржыландырылатын жобалардағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі нұсқауды» және 2010 жылғы мамырда және 2011 жылғы қаңтарда оларды жаңартуды білдіреді.

2. «ҚРСА» ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1460 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін не ЖІТ бірге Жобаны іске асыруға жауапты оның кез келген мирасқорын немесе мирасқорларын білдіреді.

3. «Консультанттар жөніндегі нұсқау» Банк 2004 жылғы мамырда жариялаған және

2006 жылғы қазан мен 2010 жылғы мамырда қайта қаралған «Дүниежүзілік банк қарыз алушыларының консультанттарды іріктеуі және жалдауы жөніндегі нұсқауды» б і л д і р е д і .

4. «Үйлестіру жұмыс тобы» немесе «ҮЖТ» - Жобаны қадағалау және іске асырылу мониторингі мақсатында Келісімнің IV бабының 4.01 бөлім (b) бөлімшесіне сәйкес құрылған ведомствоаралық үйлестіру жұмыс тобы.

5. «Жалпы шарттар» - 2010 жылғы 31 шілдедегі «Халықаралық Қайта құру және Даму банкінің қарыздарына арналған жалпы шарттар».

6. «Жобаны іске асыру тобы» немесе «ЖІТ» Жобаны іске асыру және Жобаны күнделікті басқару үшін Келісімнің IV бабының 4.01 бөлім (a) бөлімшесіне сәйкес, ҚР Статистика агенттігі құрған Жобаны іске асыру командасын білдіреді және *өзгелерден басқа*, (i) Жобаны үйлестірушіден; (ii) қаржылық басқару жөніндегі маманнан; және (iii)) с а т ы п) а л у ш ы д а н т ұ р а д ы .

7. «Сатып алу жөніндегі нұсқау» Банк 2004 жылғы мамырда жариялаған және 2006 жылғы қазанда және 2010 жылғы мамырда қайта қаралған «ХҚДБ қарыздары және ХДҚ кредиттері шеңберінде сатып алу жөніндегі нұсқау».

8. «Сатып алу жоспары» Сатып алу жөніндегі нұсқаудың 1.16-тармағында және Консультанттар жөніндегі нұсқаудың 1.24-тармағында оған сілтеме жасалған, аталған тармақтардың ережелеріне сәйкес кезең-кезеңімен түзетілетін, 2011 жылғы 16 ақпандағы Жоба үшін Қарыз алушының сатып алу жоспарын білдіреді.

9. «Жобаны іске асыру жөніндегі нұсқау» Келісімнің IV бабының 4.01-тармағының (c) тармақшасына сәйкес Қарыз алушы қабылдаған, қаржы рәсімдері жөніндегі нұсқауды қоса алғанда, Келісімнің ұлттық заңнамаға және Қарыз алушының нұсқаулықтарына сәйкес келетін операциялық және әкімшілік міндеттерді, Жобаны іске асыру рәсімдерін және ережелерін анықтайтын нұсқауды білдіреді, оған Банктің алдын ала жазбаша келісімімен мерзімді өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.